

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы

«Миссионерлік әдістері» пәні бойынша дәріс тезистері

Дәріс 9. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикасындағы миссионерлік қызмет ерекшеліктері

Дәрістің мақсаты – Қазіргі Қазақстандағы миссионерлік қызмет ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру. Миссионерлік қызметті жүргізудің заңнамалық негіздерін анықтау және дін саласында алдын-алу жұмыстарын жүргізу дағдысын меңгеру.

Дәрістің негізгі мәселелері:

1. Миссионерлік қызметті реттеудің заңнамалық негіздері;
2. Қазақстан Республикасындағы миссионерлік қызметтің құқықтық негіздері;
3. 1992 және 2011 жылғы дін туралы заңға талдау.

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасы зайырлы бағытты ұстанған, демократиялық мемлекет құруды қолға алды. Азаматтарының құқығы мен бостандықтарын дәріптей отырып, ар-ождан мен діни сенім бостандығын шектемеуге ерекше көңіл бөлді. Осы кезеңнен бастап, мемлекет пен дін арақатынасын реттеу мен жүйелеуге бағытталған мемлекеттік саясат тетіктерін жасау қолға алынды.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 14-бабының 2-тармақшасында: «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп көрсетілген. Қазақстан Республикасы өз азаматтарының қандай да бір жағдайларға байланысты кемсітіп, алаламайды. Бұл – әсіресе көп ұлтты және көп конфессиялы мемлекетте өзекті. Сондықтан ел аумағында қызмет атқарып жатқан діни ұйымдар мен бірлестіктердің мемлекеттік органдардан тіркеуден өтуі – заман талабы. Бірақ діни сенімдердің алуан түрлілігі және олардың өз идеяларын тарату ісіндегі еркіндігі, сондай-ақ кейбір ұйымдардың деструктивті іс-әрекеттері дін туралы заңды күшейту қажеттігін тудырды. Дін саласындағы қатынастарды реттеуге бағытталған алғашқы заң 1992 жылы 15 қаңтарда қабылданған «Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» заңы болды. Бұл заң мемлекет азаматтардың діни сенім бостандығы құқығын құрметтейтінін және діни төзімділік саясатын қолдайтынын көрсетті. Діни негіздегі партиялар құру, діннің мемлекет ісіне араласпауы сияқты көптеген мәселелерге көңіл бөлініп, діни ұйымдар мен бірлестіктердің тұғыры мен мәртебесі анықталды. Қазақстанның ар-ождан бостандығы мен діни сенім бостандығы және мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласындағы саясатының принциптері зайырлылықты жүзеге асырып отырған әлемдік тәжірибеге сүйеніп жасалды. Олардың ішінде атап көрсететініміз: мемлекет пен оның институттарының зайырлы сипаты және діннен бөлінуі, діни сенім мен ар-ождан бостандығы принципі; дінге, діни немесе зайырлы ұйымдарға қатыссыз адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі; діни ұйымдардың құлшылық ету рәсімдерін атқару мәселесінде құқықтық тұрғыда тең болуы; Қазақстанды мекендейтін түрлі халықтардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын құрметтеу; мемлекеттің діни ұйымдардың ішкі қызметіне қол сұқпауы; тек мемлекет қауіпсіздігіне, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, денсаулығына нұқсан келтірілгенде, конституциялық құрылым негіздерін қорғау қажет жағдайларда ғана діни сенім бостандығына шектеулердің қойылуы; Қазақстанның заңын діни бірлестіктердің

орындауын мемлекет тарапынан бақылау; мемлекеттің діни бірлестіктермен ынтымақтастығы, діни сенім бостандығы саясатын іске асыру барысында ашық болу сияқты мәселелерден тұрды. Сондай-ақ аталған заң бойынша азаматтар діни бірлестіктер құра отырып, ұйымдаса алады. Діни бірлестіктерді Әділет министрлігінде тіркеудің өзіндік шарттары болды. Бұл шарттар орындалғанда ғана бірлестіктер тіркеледі және қызмет атқара алады. Діни бірлестіктер тіркелмеген жағдайда жұмысын тоқтатуға немесе айыппұл салуға құқық берген. Дегенмен алғашқы заңның өз олқылықтары да болды, сол себепті 1993 және 1995 жылдары діни төзімсіздік, діни негіздегі қақтығыстарды қоздыру, өз сенімін басқа сенімдерден артық көру сияқты жайттардың алдын алу үшін заңға өзгерістер енгізілді. Осылайша, Кеңес үкіметінің атеистік саясатына мүлде қарама-қайшы болған заң, бүгінгі таңда елімізде қалыптасқан көп конфессиялылықтың негізіне айналды.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы үшін миссионерлік қызметтің өткенін және бүгінгі келбетін зерттеу аса маңызды. Себебі миссионерлік қызметті қадағалау ісі ұлттық қауіпсіздікті сақтаумен тікелей байланысты. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының 1-бабының, 5-тармағында миссионерлік ұғымына мынадай анықтама берілген: «Миссионерлік қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктердің атынан Қазақстан Республикасының аумағында діни ілімді таратуға бағытталған қызметі». Онымен қоса, Қазақстан Республикасының аумағында миссионерлік қызмет жүргізудің талаптарына қатысты заңның 8-бабында «Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар миссионерлік қызметті тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады» деп бекітілген. Заңға сәйкес, миссионерлер жыл сайын тіркеуден өтіп отыруы тиіс. Тіркеуге рұқсатты діни әдебиеттер мен діни материалдары дінтанулық сараптамадан өткеннен кейін береді. Дінтанулық сараптамадан өтпегендер және Қазақстанның конституциялық құрылымына, қоғамдық тәртіпке, адам құқықтары мен бостандықтарына, денсаулығына зиян келтіруі мүмкін тақырыптарды насихаттайтын миссионерлер тіркеуден өтпейді. Олар Қазақстан территориясында миссионерлік қызмет жүргізе алмайды. Егер діни ұйымдардың іс-әрекеті Қазақстан Респуб-ликасының заңына қайшы келмесе, мемлекет оның ішкі қызме-тіне араласпайды. Сол себепті мемлекет миссионерлік әдістерге қатысты ешқандай критерий белгілемейді. Діни сенімді тарату барысында миссионер өзі жұмыс жасайтын ұйымның жарғы-сын басшылыққа алады. Ал жарғы болса, діни ұйымдарды тіркеу кезінде дінтанулық сараптамадан өтеді. Сонымен бірге, жоғарыда айтқанымыздай, діни әдебиеттер мен діни мазмұндағы материалдар да дінтанулық сараптамадан өтеді. Дінтанулық сараптама заңмен бекітілген тәртіп бойынша жүргізіледі. Діни ритуалдар, құлшылық және миссионерлік қызметті өткізуге қатысты мәселелер де заңмен бекітілген. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның 7-бабына сәйкес: «Құдайға құлшылық ету, діни жоралар, рәсімдер және (немесе) жиналыстар ғибадат үйлерінде (ғимараттарында) және оларға бөлінген аумақта, құлшылық ету орындарында, діни бірлестіктер мекеме-лері мен үй-жайларында, зираттар мен крематорийлерде, жақын жерде тұратын адамдардың құқықтары мен мүдделері сақталған жағдайда тұрғын жайларда, қажет болған кезде қоғамдық тамақтандыру объектілерінде бөгетсіз жүргізіледі... Ал Қарулы Күштер, әскери құрылымдар, сот және құқық қорғау органдары, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен, жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғаумен байланысты қызметтер мен діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының аумағында және ғимараттарында жол берілмейді» делінген. Аталған заң нормалары халықаралық ұйымдар тарапынан көп-теген сынға ұшырады. Дегенмен өзгерістер қоғамдағы дін рөлін реттеуге байланысты шаралар болатын. Жалпы алғанда, мұндай өзгерістердің болуы – заман талабы, әлемдік қауымдастық пен қазақстандық қоғамда орын алуы мүмкін қауіптердің алдын алуға ықпал етеді.

Еліміздегі діни жағдайдың күрделенуіне байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2016 жылы 13 қыркүйекте Дін істері және азаматтық қоғам

министрлігі (қа- зіргі Қоғамдық даму министрлігі) ашылды. Жаңа министрліктің міндеті – діни сенім бостандығы саласында азаматтардың құқығын қорғау, өкіметтік емес сектормен, жастармен жұмыс жасау, жастар саясатын жүзеге асыру. Жаңа министрліктің мәліметіне сүйенсек, Қазақстандағы діни ахуалды тұрақты деп сипаттауға болады.

Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Қазақстанның ар-ождан мен діни сенім бостандығын саралау;
2. Дін мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың мәні;
3. Қазақстан Республикасының дін туралы заңдарын талдау.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Конституция Республики Казахстан от 18 декабря 1995 г.
2. Закон Республики Казахстан от 11 октября 2011 года № 483-IV «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.12.2016 г.).
3. Декларация о ликвидации всех форм нетерпимости и дискриминации на основе религии и убеждений (1981) // Сб. междунар. договоров и законодат. актов Республики Казахстан в области прав человека. Т. 1. Ч. 1.;
4. Европейская конвенция о защите прав человека и основных свобод (1950) // Сб. междунар. договоров и законодат. актов Республики Казахстан в области прав человека. Т. 2. Ч. 1.
5. Соглашение между Республикой Казахстан и Святым Престолом о взаимоотношениях от 24 сентября 1998 года // Бюл. междунар. договоров Республики Казахстан. 2000. № 4. Ст. 41.
6. О создании Совета по связям с религиозными объединениями Постановление Правительства РК от 6 мая 2000 г. // Спр.-правовая система «Юрист».